



090000, Орал қаласы, Исатай-Махамбет, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

090000, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбета, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

№ 4-13/988 от 15.11.2024

№

**Батыс Қазақстан
облысының табиғи
ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу
басқармасына**

Ішкі бақылау іс-шарасы туралы

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасы 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №37-нқ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес, **ағымдағы жылдың 21-22 қараша** күндері аралығында Сіздің мекемемен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау іс-шарасы жүргізілетіндігін хабарлайды.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**

Р. Рашитов

✍ Н.Аманкелді
☎ 8 (7112) 24-05-96

Согласовано

15.11.2024 09:36 Жаркеев Аслан Батырбекович

Подписано

15.11.2024 09:44 Рашитов Раимбек Нурланович



090000, Орал қаласы, Исатай-Махамбет, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

090000, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбета, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

№ 4-12/989 от 15.11.2024

№

**Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Батыс
Қазақстан облысы бойынша
департаментінің басшысы
М. Байсаловқа**

Бірлескен ішкі бақылау іс-шарасы туралы

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №78 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларына сәйкес ағымдағы жылдың 21-22 қараша аралығында Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жоспарланған бақылау іс-шарасын бірлесіп өткізу үшін Сіздің Департаменттен жауапты маман қатыстыруыңызды сұрайды.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**

Р. Рашитов

✍ Н.Аманкелді
☎ 8 (7112) 24-05-96

Согласовано
15.11.2024 09:36 Жаркеев Аслан Батырбекович
Подписано

**Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасының
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша
департаментімен «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сіне мемлекеттік
көрсетілетін қызметтер сапасына жүргізілген бірлескен ішкі бақылау
актісі**

Орал қаласы

2024 жыл «22» қараша
сағ.18:00

1. Мемлекеттік органның атауы

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасы

2. Бақылау және қадағалау жүргізуге негіз болған актінің датасы мен нөмірі

22.12.2023 жылғы №37-НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шаралары жоспары, №32-НҚ 18.11.2024 бұйрығы.

3. Тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізуге уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және оның лауазымы **БҚО цифрлық технологиялар басқармасының бөлім басшысы – Жаркеев Аслан Батырбекович, БҚО цифрлық технологиялар басқармасының бас маманы – Аманкелді Нүртілек Қалқаманұлы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің БҚО бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы- Ибрашев Бауыржан Сагидоллаевич.**

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), аумақтың учаскесі

050140003610, «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 47

5. Тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің датасы, орны мен кезеңі

«Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 47, 21.11.2024-22.11.2024 ж., тексерілген кезең 01.01.2024 ж.-20.11.2024 ж.

Мекеме арқылы келесі мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы	2024 ж. 1 қаңтарынан –20 қарашасына дейін көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (электронды түрде)	2024 ж. 1 қаңтарынан –20 қарашасына дейін көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (қағаз түрінде)
1.	Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру	226	0
2.	Жергілікті атқарушы органдар іске асыратын мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру	95	0
3.	II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру	27	0

6. Ішкі бақылау нәтижесінде келесілер анықталды:

«Электрондық үкіметтің» веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында көрсету тәртібі бойынша ақпаратты өзектендіру мерзімін сақтау және Бірыңғай байланыс-орталығына жолдау талабын сақтау

Басқарманың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі бойынша ақпараты <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=kk> Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми-интернет ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушылардың сұрау салуы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің орындалу сатысы туралы хабардар ету, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсыну.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін түсіндіру бойынша басқармаға өтініштер түспегені анықталды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттырғандығы жөнінде дәлелді құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және басқа) болуы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрету бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабы 2-тармағы 6)-тармақшасында мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті екені көрсетілген.

Басқармада мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты мамандар біліктілігін арттыру курстарынан өткен.

Көрсетілетін қызметті берушілердің орналасу жерлерінде және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалдарының халыққа қызмет көрсету бөлімдерінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілерінің бар болуы:

Басқармада мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілері стендта орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз ету:

Басқармада мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін мониторингілеуге арналған «Мониторинг» АЖ-нен бақылау қамтамасыз етілмеген.

Тегін негізде ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде төлем талап етуге жол бермеу

Бөліммен мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі. Тексеріс кезеңінде негізсіз төлем талап ету фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол бермеу

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметтерді алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Тексеріс кезеңінде қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды сұрату анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті алушылардан артық құжаттарды талап етуге жол бермеу

Тексеріс кезеңінде қызметті алушылардан артық құжаттарды талап ету анықталған жоқ.

Құжаттар топтамасы толық болмағанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге жол бермеу

Тексеріс кезеңінде құжат топтамасы толық болмаған жағдайда қызметті көрсету фактісі анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті берушімен жұмыс мерзімін сақтау

Тексеріс кезеңінде қызмет берушінің жұмыс уақытын бұзу фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтау

Тексеріс кезінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтамаудың **42 (қырық екі) фактісі** анықталды. Басқармамен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларына сәйкес өтініштер келіп түскен күні тіркелуі қажет. Алайда, ағымдағы жылдың басынан өтініштер кеңсе арқылы уақытылы тіркелмеген.

- ***II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру:***
 1. KZ77RXX00037817 өтініш түскен күні - 09.02.24, өтініш тіркелген күні - 12.02.24
 2. KZ69RXX00039125 өтініш түскен күні - 22.05.24, өтініш тіркелген күні - 23.05.24
 3. KZ64RXX00040088 өтініш түскен күні - 30.07.24, өтініш тіркелген күні - 31.07.24
 4. KZ37RXX00040089 өтініш түскен күні - 30.07.24, өтініш тіркелген күні - 31.07.24
 5. KZ34RXX00040337 өтініш түскен күні - 13.08.24, өтініш тіркелген күні - 14.08.24
 6. KZ96RXX00040870 өтініш түскен күні - 18.09.24, өтініш тіркелген күні - 19.09.24
 7. KZ67RXX00042071 өтініш түскен күні - 18.11.24, өтініш тіркелген күні - 19.11.24
- ***Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы:***
 8. KZ61RCT00176616 өтініш түскен күні - 03.01.24, өтініш тіркелген күні - 04.01.24
 9. KZ10RCT00176758 өтініш түскен күні - 07.01.24, өтініш тіркелген күні - 08.01.24
 10. KZ20RCT00177742 өтініш түскен күні - 19.01.24, өтініш тіркелген күні - 22.01.24
 11. KZ94RCT00178253 өтініш түскен күні - 26.01.24, өтініш тіркелген күні - 29.01.24
 12. KZ63RCT00179878 өтініш түскен күні - 19.02.24, өтініш тіркелген күні - 20.02.24
 13. KZ30RCT00181636 өтініш түскен күні - 11.03.24, өтініш тіркелген күні - 12.03.24
 14. KZ61RCT00189226 өтініш түскен күні - 25.06.24, өтініш тіркелген күні - 26.06.24
 15. KZ22RCT00193032 өтініш түскен күні - 22.08.24, өтініш тіркелген күні - 23.08.24
 16. KZ33RCT00194580 өтініш түскен күні - 16.09.24, өтініш тіркелген күні - 17.09.24
 17. KZ24RCT00195421 өтініш түскен күні - 26.09.24, өтініш тіркелген күні - 27.09.24
- ***3-санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы:***
 18. KZ74RCT00178128 өтініш түскен күні - 26.01.24, өтініш тіркелген күні - 29.01.24
 19. KZ85RCT00184138 өтініш түскен күні - 11.04.24, өтініш тіркелген күні - 12.04.24
 20. KZ19RCT00185229 өтініш түскен күні - 25.04.24, өтініш тіркелген күні - 26.04.24
 21. KZ09RCT00186282 өтініш түскен күні - 13.05.24, өтініш тіркелген күні - 14.05.24
 22. KZ16RCT00187902 өтініш түскен күні - 05.06.24, өтініш тіркелген күні - 06.06.24
 23. KZ91RCT00192275 өтініш түскен күні - 12.08.24, өтініш тіркелген күні - 13.08.24
 24. KZ72RCT00192811 өтініш түскен күні - 20.08.24, өтініш тіркелген күні - 21.08.24
 25. KZ03RCT00194053 өтініш түскен күні - 06.09.24, өтініш тіркелген күні - 09.09.24
 26. KZ85RCT00196166 өтініш түскен күні - 04.10.24, өтініш тіркелген күні - 07.10.24
 27. KZ92RCT00198368 өтініш түскен күні - 05.11.24, өтініш тіркелген күні - 06.11.24
- ***Аң аулауға рұқсат беру:***
 28. KZ74REP00148575 өтініш түскен күні - 23.09.24, өтініш тіркелген күні - 24.09.24
 29. KZ09REP00148678 өтініш түскен күні - 23.09.24, өтініш тіркелген күні - 24.09.24
 30. KZ25REP00148681 өтініш түскен күні - 23.09.24, өтініш тіркелген күні - 24.09.24
 31. KZ68REP00148683 өтініш түскен күні - 23.09.24, өтініш тіркелген күні - 24.09.24
 32. KZ14REP00148685 өтініш түскен күні - 23.09.24, өтініш тіркелген күні - 24.09.24
- ***Әуесқойлық (спорттық) балық аулауға рұқсат беру:***
 33. KZ24REP00140260 өтініш түскен күні - 02.07.24, өтініш тіркелген күні - 03.07.24

34. KZ13REP00140264 өтініш түскен күні - 02.07.24, өтініш тіркелген күні - 03.07.24
35. KZ90REP00146929 өтініш түскен күні - 03.09.24, өтініш тіркелген күні - 04.09.24
36. KZ89REP00147820 өтініш түскен күні - 11.09.24, өтініш тіркелген күні - 12.09.24
37. KZ56REP00148220 өтініш түскен күні - 17.09.24, өтініш тіркелген күні - 18.09.24

• **Мелиоративті балық аулауға рұқсат беру:**

38. KZ82REP00139119 өтініш түскен күні - 05.06.24, өтініш тіркелген күні - 06.06.24

• **Ғылыми-зерттеу мақсатында балық аулауға рұқсат беру:**

39. KZ23REP00139211 өтініш түскен күні - 06.06.24, өтініш тіркелген күні - 07.06.24
40. KZ66REP00139213 өтініш түскен күні - 06.06.24, өтініш тіркелген күні - 07.06.24

• **Кәсіптік балық аулауға рұқсат беру:**

41. KZ51REP00140259 өтініш түскен күні - 02.07.24, өтініш тіркелген күні - 03.07.24
42. KZ26REP00145656 өтініш түскен күні - 26.08.24, өтініш тіркелген күні - 27.08.24

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден дәлелді бас тарту

Тексеріс кезінде негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін сақтау

Тексеріс кезінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзудың фактілері анықталмады.

Тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнде қаралуға жататын шағымдарды қарау нәтижесі туралы қызмет алушыларды хабардар ету бойынша талаптарды, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын қанағаттандырудың толықтығын сақтау.

Тексеріс кезеңінде бөлімге қызмет алушылардан шағымдар түспеген.

Есептің және есепке талдамалық анықтаманың ішкі бақылау бойынша жұмыс туралы есептік нысанда көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті материалдардың (бұйрықтардың, хаттамалардың, шешімдердің, хаттардың, анықтамалардың, қызметтік жазбалардың көшірмелері, фотоматериалдардың) болуы.

Басқармамен мемлекеттік қызметтер көрсету туралы есебі Цифрлық технологиялар басқармасына тоқсан сайын ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен, жыл сайын «электрондық үкіметтің» веб-порталында, интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға жататын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерге жылына кемінде бір рет жария талқылаулар өткізу

2024 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурсында жарияланбаған.

**БҚО цифрлық технологиялар
басқармасының мемлекеттік
көрсетілетін қызметтерді
мониторингілеу бөлімінің
басшысы**



А.Б. Жаркеев

**БҚО цифрлық технологиялар
басқармасының мемлекеттік
көрсетілетін қызметтерді
мониторингілеу бөлімінің
бас маманы**



Н.Қ. Аманкелді

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің БҚО бойынша
департаментінің мемлекеттік
көрсетілетін қызметтер
басқармасының басшысы**



Б.С. Ибрашев

Таныстым және 1 данасын алдым:
**Батыс Қазақстан облысының
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу
басқармасының басшысы**



М.Т. Мулдашев



090000, Орал қаласы, Исатай-Махамбет, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

090000, г.Уральск, ул. Исатай-Махамбета, 84
тел./факс: 8(7112) 24-05-96
e-mail: uguia@bko.gov.kz

№ 4-13/1025 от 27.11.2024

№

**Батыс Қазақстан облысының
табиғи ресурстар және
табиғат пайдалануды реттеу
басқармасына**

Батыс Қазақстан облысының цифрлық технологиялар басқармасымен 2024 жылдың 21-22 қараша күндері мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына ішкі бақылау іс-шарасы жүргізілді. Тексеру нәтижесінде ішкі бақылаудың актісі жасалған болатын.

Тексеру қорытындысына сәйкес **келесі ұсынымдар** беріледі:

1. Тексеріс кезінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін сақтамаудың **42 (қырық екі) фактісі** анықталды. Басқармамен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларына сәйкес өтініштер келіп түскен күні тіркелуі қажет. Алайда, ағымдағы жылдың басынан өтініштер кеңсе арқылы уақытылы тіркелмеген.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тәртібінің бұзылуына алдағы уақытта жол бермеу туралы бірінші басшының және жауапты мамандардың тәртіптік жауапкершілік мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

2. 2024 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурсында жарияланбаған.

Сондықтан аталған мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі бойынша ақпараттың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, ресми интернет-ресурста орналастырылсын.

Тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мақсатында, аталған кемшіліктерді тез арада жою ұсынылады.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидасының 53-тармағының 1) тармақшасында сәйкес бақылау объектісі

ұсынымдарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, ішкі мемлекеттік бақылау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою және ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарауға ұсыну қажеттігін хабарлаймыз.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**

Р. Рашитов

✍ Н.Аманкелді
☎ 8 (7112) 24-05-96

Согласовано

27.11.2024 11:46 Жаркеев Аслан Батырбекович

Подписано

27.11.2024 11:47 Рашитов Раимбек Нурланович

Аманкелді Нұртілек Қалқаманұлы 10.01.2025 10:28



090000, Орал қаласы, Сарайшық көш, 47
тел.: 8(7112) 24-09-76

090000, г.Уральск, ул. Сарайшык 47
тел.: 8(7112) 24-09-76

Исх. № 5.1-18/1918 от 04.12.2024, Вход № 2133 от 04.12.2024

№ _____

**Батыс Қазақстан облысының
цифрлық технологиялар
басқармасына**

Сіздің 2024 жылғы 27 қарашадағы
4-13/1025 хатыңызға

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілетін бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасына ішкі бақылау іс-шарасының тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жоюдың ұсынымы бойынша Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер өтініштер келіп түскен күні уақытында тіркелуі жөнінде кеңсе қызметкеріне ескертіліп, бақылауға алынды.

2024 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ресми интернет ресурсында жарияланды.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мақсатында, аталған кемшіліктерге жол берілмейтін болады.

Басқарма басшысы

М.Мулдашев

Орынд.: Хайруллина Б. К.
Тел.: (87112) 24-05-74

Хайруллина Б. К. (Главный специалист)